# Мархабат Байғұт

# Диплом жұмысымыздың өзектілігі

Біз осы дипломдық жұмысымызда көркем прозадағы психологиялық аспектілер ұғымына түсінік бере отырып,олардың қолданылысына М. Байғұт әңгімелерінен мысалдар келтірдік.Қазақ әдебиетінің 70-80 жылдардағы қазақ прозасына өзінің тосын тақырыптарымен келген талантты да талапты жазушы М.Байғұт болды.Көптеген сыншы әдебиетшілердің Мархабат Байғұттың кейбір жекелеген шығармаларына бірді-екілі пікірлері болмаса,арнайы зерттеу объектісіне айналмаған. Жазушы шығармашылығы туралы газет-журналдарда жарық көрген сыни мақалалар, проза жанрына байланысты жарық көрген теориялық еңбектер жазушы шығармашылығын жан-жақты зерделеуге маңызды қадам болды.

Талдаған жұмысымызда жазушының көркемдік ерекшеліктері, психикалық талдау тәсілдері шығармаларын талдау барысында көптеген сыншылардың, жазушылардың ойлы пікірлері айтылады.Сонымен қатар, Марахабат Байғұт әңгімелеріндегі ұлттық мінез көріністерінің туыы мен қалыптасуы, кейіпкерлердің болмыс-бітімін, ішкі жан сырын суреттеудегі қаламгерлік шеберлігі, стильдік қолтаңбасы айқындалады.

# ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҒЫ

1

- М.Байғұт әңгімелеріндегі психологизм-
- нің қолданылу ерекшеліктері жүйелі түрде нақтыланды.

2

- Қаламгердің психологизмнің түрлеріне сәйкес әңгімелері бөлініп,топтастырылды. Психология-лық аспектілердің барлық түріне көркем мәтіннен үзінділер келтіру арқылы мысалдар келтірдік.

3

- Жазушының бұрын-соңды талданбаған «Дауыстың түсі», «Крест», «Ақ орамалды қыз», «Салқын масақ», «Белесебет пен байлық», «Күн астындағы Күнекей қыз», «Бейшара» әңгімелері жаңа қырынан талданды.



Мархабат Байғұт 1945 ж 25 мамырда ОҚО, Түлкібас ауданының Пістелі ауылында дүниеге келген.

КазГудің филология факультетін бітірген. Сібірде әскер қатарында болды.Түлкібас аудандық «Шамшырақ», облыстық «Оңтүстік Қ-н» газеттерінде көп жылдар бойы қызмет атқарады.

# М.Байғұттың өмірдерегі

| | |
|---|---|
| 1968-1973 ж | Түлкібас аудандық «Шамшырақ» газетінде корректор. |
| 1974-1984 ж | «Оңтүстік Қ-н» газетінде аға тілші,бөлім меңгерушісі . |
| 1985 ж | Облыстық партия комтитетінің нұсқаушысы |
| 1985-1992 ж | ҚЖО облысаралық бөлімшесінің төрағасы |
| 1992-1998, 2005-2008 ж | Облыстық тіл басқармасының бастығы |
| 2008 ж | «Егемен Қ-н» газетінің оңтүстік өңірлік тілшісі |
| 2015 ж бастап | Облыстық ынтымақ форумының төрағасы |

# Кітаптары

| | |
|---|---|
| 1978-1993 жылдары | Шілде, Сырбұлақ,Нәуірзек, Дауыстың түсі,Қорғансыз жүрек |
| 1995-2002 жылдары | Машаттағы махаббат, Ақпандағы мысықтар,Алмағайып,Аңсар |
| 2003-2008 жылдары | Қозапая, Киікоты,Жоғалған жұр-нақ,Салқын масақ,4-т әңгімелері |
| 2009-2013 жылдары | Оқу залы, Сағыныш саздары,Ақ-толғай,Бұла бұлақ. |
| 2013-2016 жылдары | Күнгей көлеңке,Таңдамалы шығармалары 4-т,Бес асыл іс |

# Беделі

«Жалын» бәйгесінің екі дүркін жеңімпазы

қоғам қайраткері

«Қазақ әдебиеті» бәйгесінің үш дүркін жеңімпазы



Облыстың құрмет-ті азаматы.

Қазақстанның құр-метті журналисі

«Алаш» әдеби сый-лығының лауреаты

Жазушы

«Құрмет» орденінің иегері




# Кітаптары

*IV –т шығармалар жинағы*.
-А:Қазығұрт,2005 ж

*Шілде:әңгімелер*.-А,1978 ж
*Сырбұлақ:әңгіме*.-А,1980 ж

Қорғансыз жүрек: әңгімелер.-А: Жазушы, 1993 ж
*Бұла бұлақ*: әңгімелер.-А: Раритет, 2012 ж
*Таңдамалы шығармалары*.-А:Керемет,2016 ж
*Оқу залы* әңгімелер.-А, 2009 ж

*Салқын масақ* Повестер.-А, 2008 ж
*Әпкемнің ауылы*әңгімелер.-Ш,2015 ж


Желтоқсанға — жиырма жыл
Мархабат Байғұт
ЖОҒАЛҒАН ЖҰРНАҚ


Мархабат БАЙҒҰТ
ӘЛКЕМНІҢ АУЫЛЫ


ПРОЗА
Мархабат БАЙҒҰТ
БҰЛА БҰЛАҚ


МАРХАБАТ БАЙҒҰТ


Мархабат БАЙҒҰТ
ОҚУ ЗАЛЫ


МАРХАБАТ БАЙҒҰТ
САЛҚЫН МАСАҚ







2015 жылдың 23 желтоқсанында Түркияның астанасы Анкарадаа М. Байғұттың «Дауыстың түсі» атты әңгімелер жинағының тұсаукесер рәсімі өтті.Жинақты аударған Эльмира Қалжанова

# *М.Байғұт туралы пікірлер*

| Құлбек Ергөбек | Қарауылбек Қазиев | Дулат Исабеков | Шерхан Мұртаза |
|---|---|---|---|
| Оңтүстіктің бар жақсысын жарқыратып көрсетіп келе жатқан қалам-гердің Оңтүстік өңірінде тұруы оңтүстік үшін үлкен абырой. | М.Байғұт нет-кен бақытты жазушы. Кейіп-керлерінің бар-лығы табиғи болмысымен сүйсіндіреді. Барлық жазған дары табиғи. | М.Байғұт әде-биетте өз жо-лын,өз қолтаң-басын,өз стилін тапқан жазушы Мархабаттың басқалардан ерекшелігі өз кейіпкерлерінің ортасынан алыстаған емес. | *Киік оты*-оның жазғанда-рының бір там-шысы ғана.Бұл жазушыда жаратушы өзі бұйыртқан уыз тіл бар. |
| | | | |

| Тәкен Әлімқұлов | Г.С.Балтабаева | Керімбек Сыздықұлы | Нұрғали Ораз |
|---|---|---|---|
| Мархабат- тұңғыш әңгіме-лер жинағымен –ақ танылып үлгерген жазу-шы. Газетте іс-тей жүріп,неғұр -лым нақты-лыққа, қысқа-лыққа машық-танған. | М.Байғұт-өмір-дің нәзік қырла ры мен сырла-рын тек өзіне ғана тән приз-ма арқылы кө-ретін жаңа ға-сырдың дарын-ды жазушысы. | «Машина мәсе-лесін басқалар емес Мархабат терең танып, өмірден өнерге жып-жинақы күйінде аудара қойған екен | Қарапайым оқырман ретінде мен Мархабаттың «Қорғансыз жү регін енді оқитындарға қызығамын. |

# Сыни пікірлер

Ол сәл көлемді дүниеге бара қалса,оқиғаны дамытудың ар-
қау жібін босатып,динамика-
сын әлсіретіп алады.

**Жұмабай Шаштайұлы**

Жазушының «Сексен қыз бен сегіз ұл» әңгімесі тым шұбалаң-
қы болып кетken.Мархабат қысқа
жазудың шебері.

**Жүсіпбек Қорғасбек**

Жазушы әңгімелерінде аса ірі қақ-
тығыстар аз.Нәзік иірімге толы.
Махаң әдебиетке-биязылық алып

**Әмірхан Меңдеке**

тұрған-
дар-қарапайым,қатардағы адал, ақжүрек
ақниет абзал жандар . Кейіпкер болуға жа-
райтын да осылар.
Ұлттық көркем әдебиет-ұлттың уызы.
Қалам иелерінің негізгі парызы-адамдарды
адам күйінде сақтап қалуға қызмет ету.
Қазақ әдебиеті-әлем әдебиетіндегі елеулі-
лердің бірі.Қазақ қаламгерлері қай кезде де

# Біз талдаған жазушының әңгімелері

Белесебет пен байлық

Салқын масақ

Дауыстың түсі

Ақ орамалды қыз

Гүлжазира

Сізді сүйген қыз едім

Оқу залы

Құмар қыз

Крест

Жалбыздың жағасында

Бейшара

**М.Байғұт шығармаларындағы басты ерекшелік – кейіпкердің жан – дүниесін психологиялық толғаныс үстінде ашуында. Онда әр кейіпкердің көңіл – күйін бір шолып шығып, әр қайсысының психологиялық жағдайына кезек – кезек барады. Бір оқиғаға, бір адам тағдырына бір ғана қырынан тұрақтамай, түрлі бұрыштан, әр кейіпкер тұрғысынан келеді. Кез келген әңгімесіне түгел «алыстан» көз тастаса, бір адам тағдырын, оның жан диалектикасын бақылауға болады.**

**М.Байғұт шығармаларындағы туған жерге деген махаббат, еңбек адамдарының толыққанды мүсіні, терең реализм мен психологизм, нұрлы ирония арқылы қарапайым, халықтық характерлерді ашу – міне қаламгерге қажет ерекшеліктердің бірі. Ол - өз тақырыбы бар, айтары бар жазушы. Ол өзінің “Киікоты»әңгімесінен бастап концепциялы жазушы болып келеді. Ол не концепция. Ол – туған жерге деген сүйіспеншілік, қарапайым еңбек адамдарының ұлылығын суреттеу.**

# Қаламгердің өзге жазушылардан басты ерекшелігі-қосымша ат қою шеберлігі.

| | |
|---|---|
| Дауыстың түсі | Есмақан, Еңсебек |
| Құмар қыз | Сауран, Тілеміс |
| Белесебет пен байлық | Қанағат мырза, Елеусіз |

Жоғалған Жұрнақ

Қонақбай,Жұрнақ

Оқу залы

Мошқал ағай, Айкенже

Крест

Бісміллə,Андрей

# «Жоғалған жұрнақ» әңгімесі.Сахналық қойылым



«Оқу залы» әңгімесіндегі Айкенже атты кейіпкер . Жамал Манкеевамен




Шымкент қаласы.
Жеңіс саябағы

# Мархабат ағаның жазу үстелі





Мархабат Байғұтпен.
Шымкент қаласы

**М.Байғұт шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер:Г.Пірəлиева «М.Байғұттың əдебиеттегі əлемі».С.Құланова*Жазушы шығармаларындағы кейіпкер əлемі*.**





**Ж.Асанов «Жазушының əдебиеттегі орны.**
**Ж.Боранбаев «Мархабаттың мəртебесі».**
**Г.Балтабаева «Желтоқсан тақырыбы. Жоғалған жұрнақ əңгімесі».**


Психологизм
Синтетик алық
Аналитик алық

# СИНТЕТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЗМ



**Заттық әлем**

Кейіпкер өмір сүрген орта,үй-іші тұрмысы, ұстанған заттары.

**Психологиялық деталь**

Шығарманың тақырыбы мен идеясына құ-ралған жеке бір ғана зат болып табылады.

**Портрет**

Әдебиеттегі кесікіндеме адамның бет-әлпетін, бой тұлғасын,өң-шырай өзгерісін,киімін, жүріс-тұрысын сипаттау б.т.

# АНАЛИТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЗМ





ЛЫҚ

ПСИХОЛОГИЗ

М

қоршаған

ортамен қарым-

қатынасынан

қалыптасатын

күрделі

...сихикалық

...былыс

*М.Атымов: Ішкі монологта сөйлеуші адам өзінің ішкі жан-жүниесіне тереңдей еніп, өз психологиясын ан хабар-дар береді.*

*Ішкі диалог-адамның іштей өз-өзімен сөйлесуі, сұхбат құруы.*

Жан сезімі-мұңаю, аңсау, сағыну,қуану,ашулану т.б. әр түрлі эмоциялық белгілер.

*Сана тасқын... кейіпкер жасайтын іс-әрекет пен ойының кереқарлығы.*

Г.Пірәлиева

Б.Майтанов

Г.Ержанова

***Прозадағы психологизм***

А.Қалиева

Ж.Дәдебаев

Т.Рахымжанов

# Б.Майтанов

***Психологизм-адамның көңіл-күй, ой толғам болмысы төңірегіндегі нақты материалдық құбылыстар сырын түсінуге ұмтылу. Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдері-нің жиынтығы.***

# Г.Пірәлиева

Психологизм-кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереқарлығы,сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе.Психологизм екі түрге бөлінеді.Кең мағынадағы барлық әдеби шығармаға тән.Тар мағынадағы психологизм жеке адам тағдырына тереңірек үңіледі.

# А.Қалиева

Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің рухани ішкі әлемінің көркем бейнеленуі: әдеби қаһарманның ой-санасының, эмоцияналдық көңіл-күйінің,сезімдерінің құбылуы, толқуы, өзгеруі сияқты құбылыстардың көркем шындыққа айналуы

**Адам жайлы ілімнің ең бір тұжырымды болмысы прозалық шығармаларда нақты көрініс табады.Әсіресе,адамның психологиялық ішкі күйініш-сүйініші,табиғаты,мінез-құлқы,хал-ахуалы мол қамтылады.Әңгіме прозаның бір бөлігі.Қ.Ергөбек шағын жанр әңгіменің шарты-өмірдің бір кешін,көңілдің бір сәттік сезімін бейнелеу деп санайды.Әңгімеде кейіпкер психологиясын терең де толымды ашу мүмкіндігі повесть-романға қарағанда әлдеқайда шектеулі. Әңгіме сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді.**

# ПСИХОЛОГИЗМ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТТЕ

**Әлем әдебиетінде «психологиялық романның атасы атанған Бенжанмен Констанның «Адольф»(1815) шығармасында автор адам жанының барлық сезімдеріне талдау жасайды.ХХ ғ әдебиетінде психологизм әдісі қарапайымнан күрделіге қарай ойысты.**

**Қазақ әдебиетінде психологизм Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» пен «Қартқожа», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», «Жетім» шығармаларынан бастау алады.Аталған шығармаларда адамның ішкі әлемін көркемдікпен игерудің амал тәсілдері өте мол.**

**Орыс әдебиетінде психологизмді зерттеу ісі 1970 ж нақты жүйеленді.Л.Гинзбург, А.Есина т.б. қарастырды. Қазақ әдебиетінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытовтан бастау алады.Одан кейінгі зерттеушілер З.Ахметов, З.Қабдолов, Е.Ысмайыловтар болды.**

«XX ғасырдағы ірі әлеуметтік сілкіністер,бұрын қиялдан ғана қолдау тапқан шындық ғаламаттары,атышулы дүниежүзілік соғыстар жер басқан адамның рухани әлеміне болып көрмеген алай-түлей борандарды әкелгені мәлім. Әлем өмірі,адамзат тынысы сын сағаттарды бастан өткеріп жатқанда –сезім әлемін тануға зәрулік себебі де айқындалды»[2-56].Осындай қоғамдағы өзгерістер адамның психологиясына да әсер етті.Бұл өз кезегінде әдебиеттегі психологизмнің дамуына алып келді.

Прозада 60-80 жылдары Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, О. Бөкей, А.Сүлейменов, Т.Ахтанов, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Т.Әбдіков, Ә.Нұрпейісов, Т.Жармағамбетов шығармалары адамның қат-қабат көңіл түкпіріндегі сезім иірімдерін дөп басатын әдіс-тәсілдерді әдеби айналымға ендіруімен құнды. Айтылмыш жазушылар прозадағы психологизмді қалыптастыруда түрлі ізденістерге барды,

***Бұл еңбегімізде мынандай мәселелер қамтылды.***

**1.М.Байғұттың кейіпкер болмысын суреттеудегі көркемдік ізденістері жан-жақты сараланды.**

**2.Кейіпкердің дүние әлеміндегі психологиялық құбылыс-
тарды,сана қайшылықтарын бейнелеудегі психология-
лық аспектілердің мәні анықталды.**

**3.Жазушының қарапайым сөз саптау шеберлігі, монолог,
диалог, ой ағымы, заттық әлем, психологиялық деталь
сынды көркемдік құралдарды қолдану машығы зерде-
ленді.**

**4.Жазушы әңгімелеріндегі ұлттық таным**

Назарларыңызға рахмет!